



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

SARYSU



19/08/2026 СӘРСЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz



sarysu_02@bk.ru

№60 (9024)

ОБЛЫСТА

ТАРАЗДА ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ



Мемлекет басшысының отбасы институтын нығайту, ата-ана мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында облыс орталығы – Тараз қаласында Отбасын қолдау орталығының жаңа ғимараты ашылды.

Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан өңір басшысы Ербол Қарашөкеев өмірлік киын жағдайға тап болған отбасыларға дер кезінде көмек көрсетіп, қажетті қолдауды бір жерден ұсынатын орталықтардың жұмысы маңызды екенін атап өтті.

– Отбасын қолдау орталығының басты міндеті – қиындыққа тап болған азаматтарға уақытылы көмек көрсету және мәселенің ушықпауына жол бермеу. Мұнда тұрғындар әлеуметтік, құқықтық және психологиялық кеңес алып, қажетті көмекті бір жерден ала алады. Ең бастысы – көмекке мұқтаж отбасы өз мәселесімен жалғыз қалмауы керек. Сондықтан орталық мамандарының жұмысына үлкен жауапкершілік жүктеледі, – деді Ербол Қарашөкеев.

Тараз қалалық Отбасын қолдау орталығы өз жұмысын 2025 жылы бастады. Осы уақыт ішінде мамандар 3 мыңнан астам тұрғынға құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңес беріп, 1 200 отбасыға кешенді көмек көрсетті.

Орталықта 20 штаттық бірлік қарастырылған, қазіргі таңда 17 маман жұмыс істейді.

Жаңа ғимаратта психолог, заңгер және әлеуметтік қызмет көрсету кабинеттері, ана мен баланы қабылдау бөлмесі, уақытша жатын орын, асхана және мәжіліс залы бар. Бөлмелердің барлығы қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАҢАРУҰШҰН ДАУЫС БЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



2026 жылғы 10 тамыз күні Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Ерман Мұхтар Тілдәбекұлы Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі сайлауға дайындық барысымен танысып, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын зерделеді.

Жұмыс сапарының негізгі мақсаты – 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына ұйымдастыру және өткізуге өңірдің дайындығын бағалау, сайлау комиссияларының жұмысын, сондай-ақ, сайлау процесіне қатысушылардың даярлық деңгейін және сайлау учаскелерінің әзірлігін жергілікті жерде зерделеу.

Сапар барысында сайлау процесінің негізгі бағыттары – учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру, комиссия мүшелерін оқыту, сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығы, жанадан құрылған сайлау учаскелерінің жұмысы, цифрлық технологияларды пайдалану және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мәселелері қамтылды.

Сайлау учаскелерінің дайындығы зерделенді. Жұмыс сапары Тараз қаласының білім бөлімінің Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясы ғимаратында орналасқан №58 сайлау учаскесінің жұмысымен танысудан басталды.

Мұхтар Ерман учаскелік сайлау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру барысын қарап, сайлау учаскесінің алдағы сайлауға дайындығына назар аударды.

№58 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Киял Абитова сайлау учаскесінің сайлауға дайындығы, комиссия мүшелерінің дайындығы және учаскеде сайлау процесін тиісті деңгейде ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, учаскеде дауыс берушілер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, сайлау рәсімдерін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өткізу және комиссия мүшелерінің өз міндеттерін сапалы орындауға әзірлігі жөнінде ақпарат берілді.

Сапар барысында, сайлау учаскесінде дауыс берушілер үшін қолайлы жағдай жасау, сайлау рәсімдерін сапалы ұйымдастыру, комиссия мүшелерінің өз міндеттерін білуге және сайлау заңнамасының талаптарын сақтау мәселелерінің маңыздылығы атап өтілді.

Өңір басшылығымен сайлауға дайындық мәселелері талқыланды.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің қабылдауында болып, кездесу барысында өңірдегі сайлау науқанына дайындықтың негізгі бағыттары талқыланды.

Атап айтқанда, сайлау комиссиялары мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы, сайлау учаскелерінің үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету және сайлау процесін ұйымдастыру кезінде заңнама талаптарын мұлтіксіз сақтау мәселелеріне назар аударылды.

Кездесу барысында сайлауды ұйымдастыруға жауапты барлық тараптардың үйлесімді жұмысы сайлау процесінің сапалы әрі тиімді өтуінің маңызды шарты екені атап өтілді.

Мемлекеттік органдар өкілдерімен кеңес өткізілді. Жұмыс сапары аясында 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған ҚР Құрылтайы депутаттарының сайлауына ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерімен кеңес өтті.

Кенеске құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Кенесте сайлау процесін ұйымдастырудың өзекті мәселелері қаралып, мемлекеттік органдар мен сайлау комиссияларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мәселесіне мән берілді.

Кенесте Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов өңірдегі сайлау науқанына дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Оның айтуынша, облыста 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарын сайлауды өзірлеу және өткізу жұмыстары сайлау заңнамасының талаптарына және күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізілуде.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ – ОРТАҚ МҮДДЕНІ АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ

Қоғамның тұрақты дамуы ел азаматтарының белсенділігіне, өзара түсіністігіне және ортақ жауапкершілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттің болашағына қатысты маңызды мәселелерді шешуде азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге саналы түрде қатысуы демократиялық құндылықтарды нығайта түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай депутаттарын сайлау – қоғам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Сайлау азаматтарға өз таңдауын білдіріп, елдің қоғамдық дамуына қатысты ұстанымын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс тек дауыс берумен шектелмей, азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділіктің көрінісі ретінде де бағаланады.

Сайлау науқаны кезінде заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті құрметтеу және ақпаратты дұрыс әрі жауапкершілікпен пайдалану аса маңызды. Әсіресе әлеуметтік желілер мен ақпараттық кеңістікте әрбір азаматтың жариялаған мәліметіне жауапкершілікпен қарауы қоғамдық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Қоғамда әртүрлі пікір мен көзқарастың болуы – табиғи құбылыс. Әр азаматтың өзіндік ұстанымы болуы заңды. Дегенмен пікір алуандығы өзара сыйластық пен қоғамдық келісімге негізделген жағдайда ғана оң нәтижеге жеткізеді. Бір-бірінің пікірін құрметтеу, сындарлы диалог жүргізу және ортақ құндылықтарды жоғары қою – ел бірлігін бекемдейтін маңызды факторлар.

Құрылтай депутаттарын сайлау азаматтардың

қоғамдық мәселелерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ортақ міндеттерді шешуге деген жауапкершілігін де күшейтеді. Өйткені қоғамның дамуы тек мемлекеттік органдардың жұмысына ғана емес, әрбір азаматтың белсенді ұстанымына да байланысты.

Бүгінгі таңда елдің тұрақты дамуы, қоғамдық келісім мен бірлік, заң үстемдігі және азаматтық жауапкершілік секілді құндылықтардың маңызы артып отыр. Осы құндылықтарды сақтау мен нығайту баршаға ортақ міндет.

Құрылтай депутаттарын сайлау – азаматтық сананы қалыптастырып, қоғамның ортақ мәселелерге деген жауапкершілігін айқындайтын маңызды үдеріс. Әрбір таңдау ел болашағына деген көзқарасты білдіреді. Сондықтан сайлау үдерісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтап, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты басты назарда ұстау қажет.

Ел болашағы – ортақ жауапкершілік. Ортақ мүдде тоғысқан жерде бірлік нығаяды. Бірлігі бекем, жауапкершілігі жоғары қоғам ғана алға қойған мақсаттарына нық қадам баса алады.

ӘР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қоғамның тұрақты дамуы мен ел болашағы әр азаматтың белсенділігіне, жауапкершілігіне және ортақ іске деген жанашырлығына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай депутаттарын сайлау – азаматтардың қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік беретін маңызды демократиялық үдеріс.

Сайлау – халықтың өз таңдауын білдіріп, ел дамуына қатысты ұстанымын танытатын маңызды қоғамдық институт. Әрбір азаматтың сайлау үдерісіне қатысуы оның қоғамдық мәселелерге бейжай қарамайтынын, елдің ертеңіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді. Азаматтық белсенділік өз кезегінде қоғамдағы өзара сенімді нығайтып, бірлік пен келісімді сақтауға ықпал етеді.

Құрылтай депутаттарын сайлау барысында заң талаптарын сақтау, ашықтық пен әділдік қағидаттарын құрметтеу айрықша мәнге ие. Әр азамат өз құқықтары мен міндеттерін білуге, сайлау үдерісіне жауапкершілікпен қарап, заң аясында өз азаматтық ұстанымын білдіруге қажет.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуы тек мемлекеттік органдардың жұмысына ғана емес, азаматтардың да белсенді қатысуына байланысты. Ел өміріндегі маңызды бастамаларға қолдау көрсету, қоғамдық мәселелерге атсалысу және ортақ мүдде жолында жауапкершілік таныту – баршамызға ортақ міндет.

Құрылтай депутаттарын сайлау – азаматтық белсенділікті арттырып, қоғамдық келісім мен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Сондықтан әр азамат сайлау үдерісіне белсенді қатысып, өз таңдауын саналы түрде жасауы маңызды.

Ел болашағы – бүгінгі жауапты таңдауымыздан басталады. Қоғам игілігі жолындағы маңызды бастамаларға бірге атсалысып, азаматтық ұстанымымызды танытайық!

(Басы. Жалғасы 2-бетте)



Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абая 133А, КТУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Құрылтай депутаттарының сайлауы – ел дамуының жаңа кезеңі



Құрылтай депутаттарын сайлауға санаулы уақыт қалды. Нақтылы кезеңде өмірдегі сайлау учаскелерінің әзірлігі, сайлаушылар тізімдерінің нақтылануы және дауыс беруді ұйымдастыру мәселелері пысықталуда. Осы бағыттағы жұмыстардың барысын білу үшін аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Дәулетберді Амангелдіұлы Шортанбаевпен сұхбаттасқан болатынбыз.

Сұрақ: Құрылтай депутаттарының сайлауына санаулы уақыт қалды. Ауданда орналасқан сайлау учаскелерінің дайындығына тоқталып өтсеңіз

Жауап: Бүгінгі таңда сайлау комиссияларының кәсіби даярлығын тұрақты әрі жүйелі түрде жетілдірудің, сайлау учаскелерінің дайын болуын қамтамасыз етудің және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды күшейтудің маңызы зор. Бұл дегенеміз – сайлауды ұйымдастырудың барлық кезеңдеріндегі негізгі басымдықтардың бірі заңнама талаптарын сақтау, сайлаушылардың құқықтарын және сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын сапалы ұйымдастыруға, азаматтарға дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін беруге ерекше назар аударылуда. Сонымен қатар сайлау учаскелерінің интернет желісіне сапалы қосылуын қамтамасыз етілуі басты назарда.

Сайлау комиссияларының мүшелері тарапынан сайлаушыларды ақпараттандыру, дауыс беру, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау, байқаушылармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау сияқты барлық рәсімдерді де егжей-тегжейлі пысықталуда.

Сұрақ: Азаматтардың өз сайлау учаскесін қалай табуға болатыны жайында айтып өтсеңіз

Жауап: 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз сайлау учаскесін алдын-ала біле алады.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес сайлау учаскелерінің шекаралары мен сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған.

Сайлау-әр азаматтың өз таңдауын білдіруге мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық үдеріс. Дауыс беру күні сайлау учаскесіне уақытында барып, өз таңдауыңызды жасау үшін алдын ала қай учаскеге тіркелгеніңізді білген жөн.

Сайлау учаскесін анықтаудың ең оңай жолдарының бірі-электронды мемлекеттік қызметтерді пайдалану. Азамат өзінің жеке деректерін енгізу арқылы тұрғылықты жері бойынша бекітілген сайлау учаскесі туралы ақпаратты тексере алады. Сондай-ақ қажетті мәліметті жергілікті әкімдіктегі құрылған Call-орталықтардан немесе сайлаушыларға табысталған шақыру қағаздарындағы QR-кодты пайдалану арқылы да алуға болады.

Дауыс беруге барған кезде жеке

жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынған.

Үгіт материалдары заңда белгіленген талаптарға сәйкес орналастырылуы тиіс. Оларды рұқсат етілмеген орындарға ілуге, сондай-ақ басқа кандидаттардың үгіт материалдарын заңсыз алып тастауға немесе бүлдіруге болмайды.

Сұрақ: Үгіт жүргізу кезінде қандай заң талаптарын сақтау немесе үгіт жүргізу кезінде заң бұзылған жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылады?

Жауап: Сайлау алдындағы үгіт-заңмен реттелетін маңызды процесс. Үгіт жүргізу кезінде барлық кандидаттар мен саяси партиялар белгіленген тәртіпті сақтап, сайлау заңнамасының талаптарын орындауы керек.

Заң бұзушылықтың түрі мен ауырлығына қарай әкімшілік немесе өзге де заңда көзделген жауапкершілік туындауы мүмкін. Мисалы, белгіленбеген уақытта үгіт жүргізу, үгіт материалдарын заң талаптарын бұза отырып орналастыру немесе сайлаушылардың еркін таңдауына заңсыз ықпал ету жауапкершілікке әкелуі ықтимал.

Сайлаушыларды өз таңдауын өзгертуге немесе белгілі бір саяси партияға дауыс беруге ынталандыру мақсатында ақша, тауар немесе басқа да материалдық құндылықтар ұсыну заң талаптарына қайшы болуы мүмкін. Мұндай әрекеттер үшін заңда жауапкершілік көзделген.

Сонымен қатар сайлауалды үгітті жүргізу кезеңінде, атап айтқанда сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген, сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген, үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақымдаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болатыны көзделген.

Үгіт жүргізу кезінде заң талаптарын мұқият сақтау керек. Әрбір саяси партия және олардың өкілдері өз құқықтарымен қатар міндеттерін де білуі тиіс. Заңды сақтау-сайлаудың әділ әрі ашық өтуінің маңызды кепілі. Заң талаптарын білу және сақтау-әр азаматтың жауапкершілігі.

Сұрақ: Үгіт-насихат жүргізу қашан аяқталады?

Жауап: Үгіттің басталу және аяқталу мерзімдері де заңда белгіленеді.

Заңнамаға сәйкес сайлау алдындағы үгітті жүргізу ағымдағы жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Дауыс беру күні және оның алдындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады.

Сайлау комиссияларының ұй-жайларынан және дауыс беруге арналған ұй-жайлардан тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады.

Сұрақ: Сайлаушыларға айтар тілегіңіз

Жауап: Қорытындылай келе, сайлау учаскесін алдын ала анықтау-дауыс беру үдерісіне жауапкершілікпен дайындалудың маңызды бөлігі. Әр азамат өз учаскесінің мекенжайын біліп, сайлау күні белгіленген тәртіппен дауыс бере алады. Әр азамат өзінің сайлау құқығын пайдаланып, дауыс беруге белсенді қатысқаны маңызды.

Барша аудан тұрғындарын алдағы 23 тамыз күні өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына белсенді қатысуға шақырамын. -Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рахмет

Сұхбатты жүргізген:
Камели Сүлейменова,

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ

Жәрменкеде – жергілікті өнімдер

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру және азық-түлік артық делдалдық шығындарды азайтып, халыққа са-тұрғындарды қолжетімді бағадағы ауыл-шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Жаңатас қаласында ауыл-шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі ұйымдастырылды.

Жәрменке қаланың Орталық базарында өтіп, оған жергілікті кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер қатысты. Сауда сөрелеріне тұрғындарға қажетті азық-түлік өнімдері ұсынылды.

Жәрменке барысында жеміс-жидек пен көкөністер, сүт және сүт өнімдері, сүзбе, сары май, айран, тауық жұмыртқасы, шұжық өнімдері, тауық еті және басқа да азық-түлік тауарлары нарықтағы бағадан төмен бағамен сатылымға шығарылды.

Іс-шараның басты ерекшелігі – өнімдердің тұрғындарға делдалсыз, тікелей өндірушілер мен кәсіпкерлер тарапынан ұсынылуы. Бұл өз кезегінде

МАЛ АМАНДЫҒЫ-БАСТЫ МІНДЕТ

Ветеринария мамандарының еңбегі – ауыл шаруашылығының тірегі



Ауданымызда ауыл шаруашылығы саласы жыл санап дамып, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бұл бағыттағы жетістіктерге ауыл еңбеккерлерімен қатар, ветеринария саласының мамандары үлсе қосып келеді.

Мал шаруашылығы – ауыл тұрғындарының негізгі кәсібінің бірі. Сондықтан төрт түліктің аمانдығы мен мал басынын сақтауы ветеринариялық қызметтің сапасына тікелей байланысты. Ауданымыздағы ветеринария мамандары күн-түн демей елге қызмет етіп, малдың денсаулығын бақылауда ұстап, түрлі аурулардың алдын алу шараларын тұрақты жүргізіп келеді. Ауылдың берекесі – төрт түліктің амандығында. Ал сол амандықтың сақталуына атсалысып жүрген Ігілік ауылының ветеринарлық пунктінің ветеринар мамандарының еңбегі орасан зор.

Ауыл тұрғыны Тұяқбаев Самат Тайғараұлы өз сөзінде:

– Ігілік ауылында ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі кәсіптің бірі – мал шаруашылығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Ауыл тұрғындарының төрт түлігін аман сақтап, мал шаруашылығының дамуына ветеринария саласының мамандары да өз үлестерін қосып келеді.

Ігілік ауылындағы ветеринариялық мекемеде еңбек етіп жүрген Ниетбеков Сәнібай, Қалмағанбетов Егәнберді, Мәуелешов Аманғали, Назаров Сағдат, Қонақбаев Мұрат және Орынбек Қарлығаш сынды мамандар мал арасын-

да кездесетін жұқпалы аурулардың алдын алып, елдің малын түрлі індеттерден қорғау бағытында аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе аусыл және басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу шараларына жауапкершілікпен қарап, тиісті жұмыстарды жүйелі түрде атқаруда.

Ауылдағы ауызбіршілік те жақсы. Ветеринариялық сала мамандары ауылдың ақсақалды аталарының бата-сын алып, елдің игілігі үшін еңбек етіп келеді. Осындай бірліктің арқасында ауылда көптеген жұмыстар өз нәтижесін тауып отыр, – деді ол.

Ігілік ауылындағы ветеринариялық мекеменің басшысы Мәуелешов Аманғали Орынбекұлы да ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта ауылдың дамуына оң әсерін тигізетін, тұрғындарға пайдасы бар жаңа бастамаларды жүзеге асыру жолдары қарастырылып жатқанын атап өтті.

Иә, елдің мал шаруашылығын дамытуға өз үлесін қосып жүрген ветеринария саласының мамандарының еңбегі зор құрметке лайық. Олардың күнделікті көзге көріне бермейтін, бірақ ауыл өмірі үшін аса қажетті қызметі ауыл шаруашылығының берік негіздерінің бірі болып қала береді.

«Төрт түлік» қосымшасы: мал шаруашылығын басқарудың тиімді құралы



Аудандық ветеринария бөлімінің мамандары аудан тұрғындары арасында «Төрт түлік» мобильді қосымшасын пайдалану тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Аталған жұмыстардың негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануына жағдай жасап, мал шаруашылығына қатысты қызметтерді қолжетімді әрі ыңғайлы түрде алуға мүмкіндік беру.

Түсіндіру жұмыстары барысында мамандар тұрғындарға «Төрт түлік» қосымшасының мүмкіндіктері, оған тіркелу жолдары және пайдалану тәртібі туралы жан-жақты ақпарат беруде. Сонымен қатар, қосымша арқылы мал басын тіркеу, төрт түлікке қатысты қажетті мәліметтерді енгізу және ақпараттарды электронды түрде жүргізу мүмкіндіктері түсіндірілуде.

Ветеринария мамандарының айтуынша, цифрлық қосымшаны пайдалану мал шаруашылығын есепке алу мен бақылауды жеңілдетіп, тұрғындардың уақытын үнемдеуге септігін тигізеді. Бұған қоса, бірқатар

қызметтерді онлайн форматта алуға мүмкіндік беріп, қағазбастылықты азайтуға жол ашады.

Түсіндіру жұмыстары кезінде тұрғындар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алуға. Қосымшаны қолдануда қиындық туындаған азаматтарға тіркелу және қажетті ақпараттарды енгізу бойынша практикалық көмек көрсетілуде.

Бүгінде цифрландыру ауыл шаруашылығы саласына да кенінен өніп келеді. Сондықтан жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мал елдерінің уақытын үнемдеп қана қоймай, мал басы туралы мәліметтердің жүйелі жүргізілуіне ықпал етеді.

Аудандық ветеринария бөлімі аудан тұрғындарын «Төрт түлік» қосымшасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, түсіндіру жұмыстарына белсенді қатысуға және қажетті ақпараттарды уақтылы енгізуге шақырады.

Цифрлық мүмкіндікті тиімді пайдалану – уақытты үнемдеп, жұмысты жеңілдетудің заманауи жолы.

Сәулет ЕСКАРПА, «SARYSY»